

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 006/2011) талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі және зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 006/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2018 жылғы 25 желтоқсандағы № 217 шешімі

Еуразиялық экономикалық одақ шеңберіндегі техникалық реттеу туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 9 қосымша) 4-тармағына және Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 2 қосымшаның 5-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Қоса беріліп отырған:

Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 006/2011) талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі;

Зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 006/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың тізбесі бекітілсін.

2. Кеден одағы Комиссиясының "Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентін қабылдау туралы" 2011 жылғы 16 тамыздағы № 770 шешімінің 2-тармағының күші жойылды деп танылсын.

3. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

Еуразиялық экономикалық комиссия  
Алқасының Төрағасы

Т. Саркисян

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 217 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Ерікті негізде қолдану нәтижесінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламенті (КО ТР 006/2011) талаптарының сақталуы қамтамасыз етілетін халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың ТІЗБЕСІ**

№ р/с	Құрылымдық элемент немесе Еуразиялық экономикалық одақтың техникалық реттеу объектісі	Стандарттың белгіленімі және атауы	Ескерту
1	2	3	4
1	4-бап	МЕМСТ 33732-2016 " Пиротехникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары"	
2		СТБ 2112-2010 (МЕМСТ Р 51270-99) " Пиротехникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары"	01.07.2020 жылға дейін қолданылады
3		МЕМСТ Р 51270-99 " Пиротехникалық бұйымдар. Жалпы қауіпсіздік талаптары"	01.07.2020 жылға дейін қолданылады

Еуразиялық экономикалық  
комиссия Алқасының  
2018 жылғы 25 желтоқсандағы  
№ 217 шешімімен  
БЕКІТІЛГЕН

**Зерттеулер (сынақтар) мен өлшеулердің қағидалары мен әдістерін, соның ішінде Кеден одағының "Пиротехникалық бұйымдардың қауіпсіздігі туралы" техникалық регламентінің (КО ТР 006/2011) талаптарын қолдану мен орындау және техникалық реттеу объектілерінің сәйкестігін бағалауды жүзеге асыру үшін қажетті үлгілерді іріктеу қағидаларын қамтитын халықаралық және өңірлік (мемлекетаралық) стандарттардың, ал олар болмаған жағдайда – ұлттық (мемлекеттік) стандарттардың ТІЗБЕСІ**

	Құрылымдық элемент немесе Еуразиялық		
--	--------------------------------------	--	--

№ р/с	экономикалық одақтың техникалық реттеу объектісі	Стандарттың белгіленімі және атауы	Ескерту
1	2	3	4
1	6-бап	МЕМСТ 33950-2016 " Пиротехникалық бұйымдар. Сынақ әдістері"	
2		СТБ 2106-2010 (МЕМСТ Р 51271-99) " Пиротехникалық бұйымдар. Сынақ әдістері"	01.07.2020 жылға дейін қолданылады
3		МЕМСТ Р 51271-99 " Пиротехникалық бұйымдар. Сынақ әдістері"	01.07.2020 жылға дейін қолданылады

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК